

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы N 7 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қою туралы қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мәңгілік достық пен одақтастық туралы ХХІ ғасырға бағдарланған 1998 жылғы 6 шілдедегі Декларацияны б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын тиімді пайдаланудың негізі қағидаттары мен шарттары туралы 1994 жылғы 28 наурыздағы келісімнің ережелерін дамыта отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын іске асыру мүддесінде "Байқоңыр" ғарыш айлағын одан әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен қызмет шеңберінде Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.

2-бап

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағының инфрақұрылымын жаңғыртудың және оның тарихи маңызы бар объектілерін сақтаудың маңыздылығын мойындайды.

Ресей тарапы Қазақстан тарапының "Байқоңыр" ғарыш айлағында жаңа экологиялық қауіпсіз зымыран-ғарыш кешендерін, басқа да бірлескен ғарыштық жобалар мен бағдарламаларды құру және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыруға қатысуға барынша көмек беретін болады.

Қазақстандық және ресейлік мамандар мен ұйымдар "Байқоңыр" ғарыш айлағында бірлескен жобаларды іске асыруға бірдей шарттарда қатысатын болады.

3-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында зымыран-ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттырудың қажеттілігін:

зымыран отынының аса уытты құрамдас бөліктерін пайдаланатын зымыран-ғарыш кешендерінің пайдаланылуын кейіннен кезең-кезеңмен қысқарту үшін "Байқоңыр" ғарыш айлағында пайдаланылатын зымыран-ғарыш кешендерін жаңғырту және экологиялық неғұрлым қауіпсіз жаңаларын құру;

зымыран-ғарыш қызметін жүзеге асыруға байланысты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешу жөніндегі бірлескен жұмыстарды жүргізу жолымен мойындайды.

4-бап

Тараптар "Байқоңыр" ғарыш айлағында ресейлік "Ангара" зымыран-ғарыш кешені базасында жоғары экологиялық қауіпсіздік деңгейіндегі "Бәйтерек" зымыран-ғарыш кешенін құрады.

5-бап

Тараптар Үкіметтері 2004 жылдың ішінде осы Келісімнің 3 және 4-баптары ережелерінің орындалуы бойынша тиісті келісімдер жасайды немесе Тараптар қатысушылары болып табылатын тиісті халықаралық шарттарға өзгерістер енгізеді.

6-бап

"Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алу мерзімі 20 жылдан 50 жылға дейін ұлғайтылады.

Тараптар Үкіметтері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына тиісті өзгерістер енгізеді.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен реттелуге жатады.

9-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап Тараптардың заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың бірінің бастамасы бойынша мүдделі Тараптың екінші Тарапқа

жазбаша хабарлаған сәтінен бастап 12 айдан кейін Келісімнің қолданылуы тоқтатылуы
м ү м к і н .

_____ жылғы _____ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі данада
жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан

Республикасы үшін

үшін

Ресей Федерациясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ